

Литература

1. Спасокукоцкий Ю.А., Ильевич Н.В., Барченко Л.И. и др. Действие специфических цитотоксических сывороток на половые железы. – Киев: Науково Думка, 1977. – С. 46-57.
2. Утянов А.М. Физиологическое обоснование применения ОЦС для стимуляции воспроизводительной функции коров: Дис. д-ра биол.наук, Алматы, 1996.-321 с.
3. Чомаев А.М. Эффективность применения биоактивных веществ для нормализации функции высокопродуктивных коров: Дис. д-ра биол. наук.- М.: Дубровицы, 1998.- 251с.
4. Кожебеков З.К., Дарбасов Б.С. Влияние ОЦС на воспроизводительную функцию овцематок и коров, гематологические и биохимические показатели крови овец // Сб. науч. трудов КазНИВИ.- Алматы, 1993.- С. 192-200.
5. Заманбеков Н.А. Влияния биостимулятора «АЦС» на клеточные факторы неспецифической резистентности организма телят// Вестник СГУ им. Шакарима, № 4, 2004, с.208-211.

Утянов А.М., Заманбеков Н.А., Кузембекова Г.Б.,
Баймурзаева М.С., Азизов К.А.

ИММУНДЫҚ ЦИТОТОКСИКАЛЫҚ ҚАН САРЫСУЛАРЫНЫҢ ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа Мақалада иммундық цитотоксикалық қан сарысуларының фармакологиялық қасиеттерін зерттеу туралы мәліметтер келтірілген. Жүргізілген зерттеу жұмыстары цитотоксикалық қан сарысуларының лабораторлық жануарлардың жүрек жұмысына және қан тамырларының өткізгіштік қасиетіне қуаттандырып әсер ететіндігі анықталды. Зерттеу жұмыстары нәтижесінде гипофизарлық цитотоксикалық қан сарысуы негізінен жалпы қуаттандырып әсер етсе, ал овариоцитотоксикалық қан сарысуы – органотропты әсер ету қасиетіне ие болатындығы дәлелденді.

Utyanov A.M., Zamanbekov N.A., Kuzembekova G.B.,
Baymurzaeva M.S., Azizov K.A.

STUDY PHARMACOLOGICAL CHARACTERISTIC IMMUNNYH CITOTOKSICHESKIH WHEYS

Summary In given article happen to the results of the experimental experience on study of the influence immunnyh citotoksicheskikh of the wheys on some pharmacological characteristic laboratory animal. The Got results of the experimental studies allow to do the conclusion about that that gypopharcitotoksicheskikh whey possesses more expressing general consolidating action effect, but ovariocitotoksicheskikh whey in greater degree - an action on determined organs.

ӘОЖ 619:616-07:616.995.1]:636.3

Шабдарбаева Г.С., Усманғалиева С.С., Ахметова Г.Д., Әбеуов Х.Б., Асылханов Д.У.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы

ҚОЙ ЦЕНУРОЗЫНЫҢ ПАТОМОРФОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа

Мақалада қойдың ценурозы кезіндегі мүшелерде дамыған өзгерістердің макроскопиялық және микроскопиялық зерттеу нәтижелері берілген. Қойлардың миын

макроскопиялық тәсілмен зерттегенде, мидың әртүрлі бөліктерінде орналасқан 2-ден 7-ге дейін ценур көпіршіктері және ми қыртысының үстіңгі және кесіп қарағанда сұр қабаттарына еніп орналасқан сарғыштау келген, ирелендеп орналасқан ұзындығы 6-8 мм және ені 1-2 мм келетін іздер байқалды. Сонымен бірге, қозылар ағзасына түскен онкосферлардың ішек қабырғасына еніп, қан және лимфа арқылы бауыр, бүйрек, өкпе, жүрекке және миға барып, оларды зақымдап «үңгу жолдарын түзетіні» анықталды.

Кілт сөздер: ценуроз, некроз, цестод, гистологиялық зерттеулер, патоморфологиялық өзгерістер.

Кіріспе

Қазақстан аумағы бойынша ценуроз барлық аймақтарда таралған, әсіресе, бұл кесел инвазияның экстенсивтілік мөлшері дамыған қой шаруашылығында жылдан жылға артуда. Қой шаруашылығына елеулі зиян келтіретін, өте кең тараған ауру [1].

Ценуроз - бас миының, кейде жұлынның зақымдалуымен және олардың қызметінің бұзылуымен, қан қысымынан бас сүйектің атрофиясының дамуымен жүретін үй және жабайы күйіс қайыратын малдардың ауруы. Халық арасында белгілерін байланысты ценуроз «айналма» деп те аталады.

Айналманы тудыратын құрттың жыныстық жетілген сатысы иттің, кейде қасқырдың, қорқау қасқырдың және түлкінің ащы ішегін, ал көпіршік ларвоциста кезі қойдың орталық жүйке жүйесі ұлпаларын (миында және жұлынында) мекендейді.

Ценурозбен көбінесе қозылар мен бір жасқа дейінгі тоқтылар ауырады. Практикада істейтін мал дәрігерлері ценуроздан өлген малдың 99 %-да қозы мен 1 жасқа дейінгі тоқтылар, тек 1 %-ы ғана ірі қойлар екендігін есептеген [2, 3].

Материалдар мен әдістер

Жұмыс Алматы облысының «Аламан» қой шаруашылығында жүргізілді. Біздің зерттеуімізде клиникалық белгілері бар 12 бас малды патанатомиялық сойып тексеруден өткіздік. Осы малдардан гистологиялық зерттеу үшін бауыр, бүйрек, көк бауыр және мидан кесінделер алдық. Алынған материалдарды бекіту үшін 10%-ды формалин, спирт және Карнуа сұйықтығы қолданылды. Бұлардан қатырылған парафинді кесінді дайындадық. Дайындалған кесіндіні гематоксилин-эозин, Ван-Гизон бояуларымен боядық. Гистологиялық микропрепараттарды бинокулярлы микроскоптың МБИ-6 әр түрлі үлкейткіштерінің көмегімен зерттеп нәтижелерін тіркеуге алдық.

Зерттеу нәтижелері және талдау

Зерттеуде болған жанурлар – 2,5 айдан 2 жасқа дейінгі қойлар, жыныстары әр түрлі, қондылығы орташа, тұқымы қазақ мериносы.

Клиникалық тексеріс барысында денедегі табиғи тесіктердің (көз, құлақ, ауыз) кілегейлі қабықтарының түсі ақшыл-қызғылт екені анықталды. Тері жүні табиғи жылтырлығын сақтаған, денесін толық жауып орналасқан. Тері қабаты серпімді, ешқандай зақымдану түрлері байқалмады. Тері асты шелі майы қоры орташа мөлшерде, ондағы қан тамырлары қанға толған.

Беткейлі орналасқан лимфалық түйіндердің (жақ астыңғы, жауырын алдыңғы, шап тұсындағы) көлемдері ұлғаймаған, ақшыл-сұрғылт түсті, консистенциясы нығыздау, кесіп қарағанда қыртысты және мильқ қабаттарының шекарасы анық көрінеді.

Қаңқаның бұлшық еттері ақшыл-қызғылт түсті, шамалы босаңсыған, кесіп қарағанда талшықты құрылысы сақталған.

Ішек қабырғасында түрлері бір біріне ұқсас жіпшелер түрлерінде бауырда, бүйректерде, өкпеде, талақта, миокардта және мида ирелендеп орналасқан іздер көрінеді.

Жүрек миокардында макроскопиялық өзгерістер ретінде саналатын ақшыл түсті түйіндер орналасқан, олардың ұзындығы 0,5 см дейін жетеді.

Бауырда (барлық сойылып зерттелген қозыларда) (2-, 3-суреттер) көптеген ақшыл-сұр түсті нүкте немесе ирелендеп орналасқан ұзындағы 0,5-1 см-ге дейін жететін, жіңішке іздер

байқалды. Бұл анықталған жолдарды біз, онкосфералардың миграциясы кезінде мүшеге механикалық әсер ету нәтижесінде түзілген «үңгу жолдары» деп санадық.

Мұндай үңгу жолдар бауырдың капсуласы астында және кесіп қарағанда паренхимасында терең орналасқанын жиі кездестірдік, кейбір жерлерінде гамогенді некрозды массалар орналасқан. Кейбір жерлерінде эритроциттер жиналған, лейкоциттердің бұзылуы және фибрин талшықтарының түсуі байқалды.

Өкпеде плевра астында нығыздау келген, ұзындығы 1 см-ге дейін жететін ақшыл түсті ирелендеп орналасқан жіңішке іздер кездесті. Бұл ошақтар өкпенің үстіңгі және терең қабаттарында орналасқандығы анықталды.


Сонымен бірге, өкпенің терең қабатында, диаметрі 2-3 см дейін жететін, ұстап көргенде өте қатты, кедір бұдырлы, пышақпен оңай кесілмейтін, түсі ақшыл келген құрылымның пайда болғанын көрдік. Біздің ойымызша, бұл құрылым өлген онкосфералардың қатты құрылымы түрінде шоғырланып орналасқаны деп есептейміз. Кейбір ақшыл түсті ошақтардың айналасы қызарып қанталап тұрды.

Бүйректеріндегі макроскопиялық өзгерістер ақшыл түсті дақты түйіндер және ирелендеп орналасқан қысқа, ұзындығы 1 см дейін жететін іздер түрлерінде байқалды. Анықталған өзгерістер негізінен бүйректің капсуласы астында және қыртысты қабатында орналасқан.

Қойлардың миында анықталған макроскопиялық өзгерістер мидың жұмсақ және қатты бөліктерінде қан тамырлары қанға толған, кеңейген және қоршаған ұлпалардың торшалық инфильтрациясымен ми сауыты қуысында және қапталында орналасқан қарыншаларда сұйықтың әдеттегіден мол жиналуымен сипатталды. Қан тамырларында көптеген лейкоциттер мен лимфоциттер көрінді. Ондай аумақтағы торшалық инфильтрат арасында бірнеше шектелген дөңгелек, сопақша тәрізді ошақтар пайда болғанын көріп, оны біз онкосфера деп есептедік. Кейбір аумақтарындағы жұмсақ ми қабықшасының астында ми затына енген эритроциттер ошағы байқалды.

Мидың ақ және сұр затында лимфа-гистиоциттік торшалармен қоршалған, қанталаған тамырлар кездесті және бұл жерде глиодроларының жиналған ошақтары да бар. Сонымен бірге ми қыртысының үстіңгі және кесіп қарағанда сұр қабаттарына енген сарғыштау келген, ирелендеп орналасқан ұзындығы 6-8 мм және ені 1-2 мм келетін іздер кездеседі.

Қойлардың миын макроскопиялық тәсілмен зерттегенде, мидың әртүрлі бөліктерінде орналасқан ценур көпіршіктері анықталды (1-сурет). Олардың саны 2-ден 7-ге дейін болғанын анықтадық. Сонымен бірге, ақшыл-сарғыш түсті боялған іздер де көрінді, оларды пышақпен кескен кезде кальций тұздарының шөккенін және айналасының фиброзды тоқыманың көптеп өскені байқалды. Миды пышақпен көлденең кескенде көпіршік орналасқан жердегі ми затының атрофиясы анық көрінді.



1-сурет. Мида түзілген ценур көпіршіктері.

Өкпе ұлғаймаған, серпімді ақшыл сұрғылт түсті, ақшыл-түсті онкосфералардың іздері көрініп тұр, кесіп қарғанда ішкі суреті анық сақталған. Бронхиалық және мединстиналдық лимфалық түйіндерінің көлемі ұлғаймаған, ақшыл сұр түсті, консистенциясы қаттылау, ішкі суреті сақталған.

Жүрек. Перикард ақшыл-сұр түсті, жылтыр, ылғалды. Эпикард – жылтыр, ылғалды, тегіс. Миокард ақшыл-қызыл түсті, консистенциясы тығыздау келген онкосфералардың іздері байқалды. Оң және сол қарыншалары қабырғаларының қалыңдығының қатынасы 1:3. Эндокард ақшыл-сұр түсті.

Талақ көлемі ұлғаймаған, консистенциясы нығыздау, сұрғылт-қоңыр түсті онкосфералардың іздері. Ағза мүшенің фоликулалары анық көрінеді.

Мес қарында шамалы жасыл түсті, қоюлау келген азық бар. Қатпаршақ құрғақтау келген жасыл түсті азық бар. Ұлтабар кілегейлі қабығы ақшыл-қызыл түсті.

Аш ішектің ащы және мықын ішек бөліктерінің кілегейлі қабықтары ісініп қызарған және ол жерде жекелеген нүктелі қанталаған ошақтар кездеседі. Аш ішектің түктері кейбір жерлері жуандаған, кейбір жерлері қысқарған, эпителий қабаты сақталған.

Бауырдың көлемі ұлғайған, капсула астында шашылып орналасқан ақшыл-сұр түсті, ұзындығы 0,6-0,7 см-дей онкосфералардың іздері орналасқан. Кейбір жерлерде олар топталып орналасқан. Мүшені кесіп қарағанда ақшыл түсті ошақтар паренхиманың ішінде де көрінеді. Әр бір ошақтарды кесіп қарағанда олардың ішінде сұрғылт түсті, жұмсақтау келген масса бар. Оның сыртын қоршай орналасқан дәнекер тоқыма пайда болған.

Бүйрек көлемі шамалы ұлғайған, біркелкі боялмаған қызыл-қоңыр түсті аймақтар сарғыш-қоңырлау аймақтармен араласып орналасқан. Капсула астында ұзындығы 0,6-0,8 см-ге дейін жететін, ирелендеген, ақшыл-сұр түсті онкосфералардың іздері орналасқан. Мүшенің капсуласының кейбір жерлері паренхимаға жабысып қалған.

Ми қабығының қан тамырлары гиперемияланған, жұмсақ қабық, шамалы ісінген. Жұмсақ қабық астында және кесіп қарағанда сұр затта ақшыл-сұр түсті келген түйірлер орналасқан. Олардың шеткі аймақтарын ақшылдау келген белдеу орап орналасқан. Ми қыртысында бірнеше көпіршіктер орналасқан.

Сонымен, қозылар ағзасына енген онкосфералардың ішек қабырғасына еніп қан және лимфа арқылы бауыр, бүйрек, өкпе, жүрекке және миға барып, оларды зақымдап «үңгу жолдарын түзетіні» анықталды.

Гистологиялық зерттеу нәтижелері. Жүргізілген гистологиялық зерттеулер барысында, біз аш ішек бөлімдерінде, бауырда, бүйректерде, миокардта, өкпеде және мида ценурозға тән микроскопиялық өзгерістердің дамығанын анықтадық. Олардың аш ішек бұрлерінің жуандағанын, эпителий жабындысының ісінгенін, сонымен, бірге олардың кейбіреулерінің базальді мембранадан ажырап десквамацияланғанын анықтадық.

Зақымдалған өзгерістерге ұшыраған аш ішектің ащы және мықын бөліктерінде орналасқан қан тамырлары қалыпты күймен салыстырғанда, қанға шамадан тыс толып гиперемияланған. Сонымен бірге нүкте және дақты түрлерде қанталаған ошақтар да кездесті. Гиперемия күйіндегі қан тамырлар айналасын қоршап орналасқан сегментті ядролы лейкоциттер шоғыры жиі кездесетіні анықталды. Өзгеріске ұшыраған аш ішек бөліктерінде орналасқан ішек бездерінің арасында ақшыл дақтар түрлерінде орналасқан құрылымдар кездесті. Ол құрылымдардың ішінде көкшіл түске боялған, түйірлі келген масса көрінді. Біз бұл құрылымды ішек қабырғасына енген онкосферлер деп тұжырымдадық. Ал ішек қабырғасында анықталған морфологиялық өзгерістер осы онкосферлердің қозғалысы нәтижесінде пайда болған деп қорытынды жасадық.

Бауырының глиссон қабығы астында және мүшенің паренхимасын еніп орналасқан және құрылымы жағынан ұқсас ошақтар көрінді. Бұл ошақтардың ортасында эозин бояуымен қызыл түске боялған түйірлі және құрылымы біртекті келген некроздық массалар болды. Мұндай түйіндердің айналасын алып торшалар мен гистиоциттер қоршап орналасқан. Ал торшалардың шеткі аймағында ұлпаның өскені байқалады. Ол талшықты құрылымды.


Бауырда орналасқан некроз ошақтарында кальций тұздары шөккені және некроз ошағының сыртын қалың фиброзды тоқыма қоршап орналасқаны көрінді(2-сурет).

Қойдың миокардында ортасы түйірлі массада кұралған. Түйіндер орналасқан жерлерде миокардтың қалыпты құрылымы жойылған. Ет талшықтары арасында орналасқан дәнекер тоқымада қалың орналасқан лимфоидты торшалар, гистиоциттер және эозинофильды лейкоциттер шоғырланған.

Қой бүйректерінде орналасқан некроздалған ошақтар айналасында басым түрде лимфоидты торшалар шоғырланған, торшалар шоғыры орналасқан жерде бүйректің гистологиялық көрінісі жойылған (3-сурет). Негізінен онкосферлардың үңгу жолдары бүйректердің қыртысты қабатында анықталды.



2-сурет. Бауыр. Онкосфераның «үңгіген жолы»және оның айналасындағы тоқыманың некрозы.



3-сурет. Бүйрек. Онкосфераның «үңгіген жолы» және тоқыманың некрозы.

Некрозға ұшыраған аймақтарда жақын орналасқан бүйрек түтікшелері түйірлі дистрофия және некроз күйінде болды.

Миында гистологиялық өзгерістер қантамырлардың қанға шамадан тыс толуымен, олардың айналасындағы тоқымада торшалық инфильтрацияның пайда болуымен сипатталды. Осындай түрде өзгерістерге ұшыраған аймақтарда домалақ немесе сопақша келген құрылымдар орналасқан.

Ми қабаттарының айналасында шамалы көлемді түрде лимфо-гистиоциттер шоғыры жиналған. Пирамидалық торшалардың біршамасы әртүрлі дәрежеде дамыған дистрофиялық өзгерістерге және нейронофогия процесіне ұшыраған. Сонымен бірге мидың кейбір бөліктерінің жұмсақ қабығы ісініп, қан тамырлары қанға толған. Қантамырлар айналасында эозинофильды лейкоциттер шоғырланған

Миындағы сарғыш түсті жіпшелерді микроскоп арқылы зерттегенде паразиттің жүрген, үңгіген жолдарындағы қабыну және некроздық процестер екені білінеді. Тоғышарлардың осындай «үңгіген жолдары» мидың жұмсақ қабығында немесе жұмсақ қабықпен ми затының шекарасында кейбір жағдайда ми затының терең қабатында да кездеседі.

«Үңгіген жолдардың» шеткі жағында эозинмен қызыл түске боялған ыдыраған тоқыма қалдықтары эритроциттер және фибрин шөгінділер орналасқан. Сыртқы жағын грануляциялық тоқыма қоршап жатыр. Кейбір «үңгіген жолдарда» сегменттелген лейкоциттермен қатар эозинофильды лейкоциттер және олардың арасында бірең-сараң лимфоидты торшалар мен гистиоциттер кездеседі.

Некроздалған тоқыма мен грануляциялық тоқыманың арасында көптеген көк түсті боялған әртүрлі көлемде кездеседі. Кейбір «үңгіген жолдардағы» некроздалған жердің айналасын бір-бірімен тығыз орналасқан алып торшалар қоршап жатыр. Алып торшалардың сыртын грануляциялық тоқыма қоршай орналасқан. Мидың жұмсақ қабығында орналасқан «үңгіген іздер» қоршап жатыр, алып торшалардың сыртында біршама аумақты алып жатқан торша инфильтраты кездеседі.

Егер «үңгу жолы» мидың жұмсақ қабығында кездескенде, алып торшалардан кейінгі аймақта диффузды инфильтрат «үңгу жолдан» алшақ орналасқан аймақтарға таралған. Мұндай өзгерістер мидың жұмсақ қабығын қалыңдатып жіберетінін анықталды.

Бұл инфильтраттың ішінде лимфоидты және плазмалық торшалар басымырақ екені анықталды. Жайылып орналасқан инфильтратта орналасқан қан тамырлар гиперемия күйінде көптеген гистологиялық препараттарда, «үңгіген жолдар» мидың жұмсақ қабығынан ми затына қарай өткені көрінеді. Мұндай жағдайда ми заты жағынан тоқымалық реакция өзгеше болғанын анықтадық.

Қорытынды

Организмге енген онкосфералар алғашқы кездері аш ішек бөлімдерінің қабырғасын механикалық зақымдап қан және лимфа арқылы басқада ішкі мүшелермен бірге миға еніп құрылымдық өзгерістермен қатар диффузды дамыған жіті қабыну процестерін туындатады.

Ішек қабырғасына енгеннен соң онкосфералар көп мөлшерде қан арқылы ішкі мүшелерге жетіп, ол жерде бір-біріне ұқсаған көптеген өзгерістер тудырады. Онкосфералардың миграциясы кезінде туындаған «үңгу жолдарының» ортасы эритроциттер және фибрин араласқан некроздалған тоқыма қалдықтарынан тұрады. Осындай некроздалған «үңгу жолдарының» сыртында грануляциялық тоқыма түзіледі. Ал мида пайда болған «үңгу жолдарының» сыртында лимфоидты торшалардан, плазмацииттерден және гистиоциттерден тұратын диффузды орналасқан аймақ көрінеді.

Әдебиеттер

1. *Кадыров Н.Т.* Посмертная диагностика паразитозов животных. Учебное пособие. Целиноград, 1992.

2. *Шабдарбаева Г.С.* Ветеринариялық гельминтология. //Оқу құралы. «Агроуниверситет», Алматы, 2010. 220 бет.

3. *Дүйсенбаев С.Т.* Мал гельминтоздарындағы мал дәрігерлік санитарлық сараптау. Семей, 2001.

Шабдарбаева Г.С., Усманғалиева С.С., Ахметова Г.Д., Абеуов Х.Б., Асылханов Д.У.

ПАТОЛОГИЧЕСКАЯ МОРФОЛОГИЯ ЦЕНУРОЗА ОВЕЦ

Изучение патоморфологических изменений при ценурозе овец выявило, что в головном мозге появляется острое диффузное воспаление и ходах миграций онкосфер заметны некротические очаги. На поверхности некротических клеток формируется грануляционная клетка.

Ключевые слова: ценуроз, некроз, цестод, гистологические исследования, патоморфологические изменения.

Shabdarbaeva G., Usmangalieva S., Ahmetova G., Abeuov Kh., Asylhanov D.

PATHOLOGIC MORPHOLOGICAL CHANGES OF SHEEP COENUROSI

Study of pathological changes in sheep revealed that coenuposis brain appears acute diffuse inflammation and migration passages hexacanth necrotic visible lesions. On the surface of necrotic cells formed granulation cell.

Key words: coenurosis, nerosis, cestoda, histologic research, patomorphologic lessions.